

Аудан әкімдігінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 45 "Ойыл ауданы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 1 тамыздағы № 183 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 20 тамызда № 3632 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 03 мамырдағы № 99 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы әкімдігінің 03.05.2016 № 99 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 19-бабының 5-тармағына сәйкес Ойыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ойыл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 45 "Ойыл ауданы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 16 наурызда № 3-11-107 тіркелген, 2012 жылғы 29 наурызда аудандық "Ойыл" газетінің № 12 санында және 2012 жылғы 19 шілдеде uil.aktobe.gov.kz интернет-ресурсында жарияланған) қаулысына келесідей өзгеріс енгізілсін:

осы қаулының 2-тармағы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі:

М. Абдуллин